

Осакаров аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 ақпандағы № 17/159 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 563 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Қ. Саққулаков

Осакаров аудандық мәслихатының

2024 жылғы "28" ақпандағы

№ 17/159

шешіміне қосымша

Аудандық мәслихаттың күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 10 маусымдағы № 242 "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Осакаровка кентінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және кент тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімі.

2. Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 300 "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Тельман ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімі.

3. Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 321 "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Есіл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК